


«Бекітемін»
«Данышпан балақай» жекеменшік
балабақша директоры:
А.Кескелу М.а. З.И.Әбиева



**№ 6 «Жасұлан» ересек тобының
2025 - 2026 оқу жылындағы жылдық құжаттар**
(Перспективалық жоспары, циклограмма, диаграмма, жеке даму, жылдық есеп)

Тәрбиешілер: А.С.Оспанова
А.А.Тлепова

«Тексерілді»
«Данышпан балақай» жекеменшік
балабақша әдіскері:
М.А.Туякова

Тексерген: А.С.Оспанов

(Педагогтың бағалауы: педагогтың бағалауы: жеке тарап: жетілдірілген)

3032 - 3039 оқу жетілдірілгені жетілдірілген қажетті

№ 9 «Жетілген» ерестек тобын

М.А.Туякова
«Данышпан балақай» жекеменшік
балабақша әдіскері:
«Данышпан балақай» жекеменшік
балабақша әдіскері:

«Данышпан балақай» жекеменшік
балалар бақша директоры:
 у.м.а.з.и.Әбиева

Тәрбиеші: Ұ.Б.Жилкишева

«Тексерілді»

«Данышпан балақай» жекеменшік

балабақша әдіскері

Сент М.А.Туякова.

Данышпан балақай жекеменшік
2012-2013 оқу жылына арналған
жоспардың бекітілуі

2012-2013 оқу жылына
арналған жоспардың
бекітілуі

«Тексерілді»

«Данышпан балақай» жекеменшік
балабақшасының әдіскері:

 М.А.Туякова

**«Данышпан балақай» жекеменшік балабақшасының 2025-2026 жылының ұйымдастырылған іс-әрекеттің
Перспективалық жоспары**

№ 6 «Жасұлан» ересек тобы

Мақсаты: Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жан-жақты дамуын қамтамасыз ету, олардың танымдық, тілдік, әлеуметтік және шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру, қоршаған ортамен дұрыс қарым-қатынас жасауға үйрету.

Кезең	АҚПАН
Дене тәрбиесі	Негізгі қимылдар: Көлбеу тақтамен жоғары және төмен жүру дағдыларын жетілдіру (ені 2 сантиметр, биіктігі 30-35 сантиметр); әртүрлі тапсырмалармен жүгіру: жылдамдықты үдету және баяулату, жүргізушіні ауыстыра отырып, баяу қарқынмен 1-1,5 минут жүгіру; аяқ пен алақанға сүйеніп, төрт тағандап еңбектеу, 50 сантиметр биіктікке көтерілген арқанның астына оң және сол жақ бүйірмен алға шығу 4-5 сызықтан (сызықтар арасындағы қашықтық 40-50 сантиметр), 20-25 сантиметр биіктіктен, тұрған жерден ұзындыққа (кемінде 70 см) секіру. 1,5 метр қашықтықтан заттарды тік нысанаға (нысана орталығының биіктігі 1,5 метр) лақтыру; допты жоғары лақтыру және екі қолмен қағып алу (3-4 рет қатарынан); Екіден, үштен звеноларға қайта сапқа тұру, бағдар бойынша тенестіру; оңға, солға, айнала бұрылу; ажырату және тұйықтау. Жалпы дамыту жаттығулары Балаларды қол мен иық белдеуіне арналған жаттығуларды орындауға жаттықтыру: қолдарын кеудесінің алдына қою, оларды басының артына қою және иықтарын жазу, оларды жан-жаққа жазу, төмен түсіру. Денеге арналған жаттығулар: қолды беліне ұстап, екі жаққа қарай бұрылу (жұлқып және бірқалыпты). Аяқтарға арналған жаттығулар: өкшемен таяққа, арқанға, аяқ ұшымен еденге тіреліп, жанына қарай жақындата адымдау; тұрып, аяқ саусақтарымен орамалдарды және басқа ұсақ заттарды ұстап, оларды басқа орынға ауыстыру. Спорттық жаттығулар: Шаңғымен бірінің артынан бірі адымдап жүру дағдысын қалыптастыруды жалғастыру. Шаңғыны үлкендердің

	көмегімен шешу және кию. Қимылды ойындар Балалардың белсенділігін доппен, секіргішпен, шеңбермен және басқа да ойындарда дамытуды жалғастыру. Тәуелсіз қозғалыс белсенділігі Қимылды ойындарға қатысуға қызығушылықты ояту. Салауатты өмір салтын қалыптастыру Тамақтану режимін сақтау қажеттілігін тәрбиелеу, көкөністер мен жемістердің, сондай-ақ витаминдердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік қалыптастыру. Көгерген кезде өзіне қарапайым көмек көрсету дағдысын қалыптастыру. Мәдени-гигиеналық дағдылар Таракты, орамалды қолдана білуді қалыптастыру. Тамақтану әдебін сақтауға шақыру. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары Бейнелеу іс-әрекетінен кейін флакондарды, қылқаламдарды жууға, үстелді сүртуге шақыру. Сауықтыру-шынықтыру іс-шаралары Шынықтырудың әр түріне тарту: дымқыл сүлгімен сүрту, аяқты, денені шаю, әр тамақтан кейін ауызды шаю.
Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жетілдіру. Белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырату, атау. Сөздік қоры Балалардың ең жақын орта туралы білімдерін тереңдету негізінде сөздік қорын кеңейтуді жалғастыру: тұрмыстық және ең жақын ортадағы заттардың мақсатын түсіну, сөйлеуде заттардың, олардың бөліктерінің, бөлшектерінің, олар жасалған материалдардың атауларын, материалдардың көрінетін және кейбір жасырын қасиеттерін пайдалану. Сөйлеуде жиі қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, үстеулерді, предлогтарды қолдану. Балалар сөздігіне қарама-қарсы мәндегі сөздерді енгізуді жалғастыру - антонимдер. Үлкендерге құрметпен қарауға тәрбиелеу, дастархан басында өзін-өзі ұстау ережелерін сақтау. Сөйлеудің грамматикалық құрылымы Сөйлемдегі сөздерді байланыстыру, көмекші сөздерді дұрыс қолдану, зат есімдерді жекеше және көпше түрде атау дағдыларын жетілдіруді жалғастыру. Байланыстырып сөйлеу Өңгімеге қатысуды жалғастыру, диалогқа қатысушыға түсінікті сұрақтар қою және оған толық жауап беру қабілетін үйрету.

	Бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға тарту.
Көркем әдебиет	Тақпақтарды, шығармаларды жатқа айтуға, өлеңді жаттауда түрлі интонацияларды, кідірістерді, логикалық екпіндерді қолдануға шақыру. Іс-әрекеттің дамуын бақылауға, мазмұнын түсінуге және мазмұнды қайталауда сюжеттік желінің реттілігін сақтауға, автордың сөздерін айтуға, кейіпкерлердің мінезін беруге шақыру. Шешендік өнерге, жұмбақ шешу өнеріне, мақал-мәтел жаттауға, айтысқа баулуды жалғастыру. Сахналық қойылымдарға қатысуға ынталандыру, таныс көркем шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдар ойнау.
Қазақ тілі	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Қазақ тіліндегі сөздерді ынта қойып тындауға және дұрыс айта білуге үйретуді жалғастыру. Сөз ішіндегі қазақ тіліне тән қ, ү, і дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру. Артикуляциялық аппаратты дамытуды жалғастыру. Сөздік қор: Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын кейбір тұрмыстық заттардың атау және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Заттардың сынын, санын білдіретін сөздерді айта білуді дағдыландыру. 5-ке дейін тура санауға жаттықтыруды жалғастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы: Сөздерді байланыстырып құрастыруды үйретуді жалғастыру. Байланыстырып сөйлеу: Жай сөйлем құруға үйретуді жалғастыру. Ойыншықтарды педагогтың үлгісі бойынша қысқаша сипаттауға үйрету
Математика негіздері	Жиын Әртүрлі түстен, көлемнен тұратын көптеген заттар туралы түсінік қалыптастыруды жалғастыру; осы заттарды салыстыру, жұптарды салыстыру негізінде олардың теңдігін немесе тең еместігін анықтау. Саны, шот Екі қатарда орналасқан заттар топтарын салыстыру қабілетін қалыптастыруды жалғастыру; сұрақтарға жауап беру: "Қанша болды?", "Қанша қалды?". 5-ке дейінгі аралықта тура және кері санауға жаттықтыру. Шама Заттардың көлемі әртүрлі болатыны туралы түсінік беру. Шаманы салыстыру кезінде үстемелеу (үстіне) және жапсыру (жанына) тәсілдерін қолдануды жетілдіру. Геометриялық пішіндер

	Көру және жанасу арқылы геометриялық фигураларды тексеруге шақыру; салыстыру нәтижелерін атаңыз (ұзындау – қысқа, кеңірек – тар, жоғары – төмен, қалың – жұқа). Кеңістікке бағдарлану Өзіме қатысты заттардың орнын сөзбен белгілеу қабілетін жетілдіру (менің алдымда үстел, оң жағымда терезе, сол жақта орындық, ойыншықтың артында). Уақытқа бағдарлану Тәулік бөліктері (таң, күн, кеш, түн), олардың тән ерекшеліктері мен реттілігі туралы түсініктерді кеңейту, «кеше», «бүгін», «ертең» сөздерінің мағынасын түсіндіру).
Қоршаған әлеммен таныстыру	Бала, оның отбасы, үй Мектеп туралы алғашқы түсінікті қалыптастыруды жалғастыру (мен мектепке барамын, мектепте қызық, мен жақсы оқимын, мен көп нәрсені үйренемін). Үлкен және кіші отбасы мүшелеріне құрметпен және қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. Отбасындағы сүйікті адамдары, отбасылық мерекелер, әдет-ғұрыптар туралы өз бетінше әңгімелеу дағдыларын қалыптастыру. Заттар әлемі Жақын мандағы заттарды ажырата білу және атау дағдысын жетілдіру. Қоршаған заттар, олардың қасиеттері және мақсаты туралы түсініктерін кеңейту. Көлік түрлерін (әуе, су, жер үсті), жабдықтары мен мақсатына байланысты көлік түрлері (өрт сөндіру машинасы, жедел жәрдем және басқалар); телефон, компьютер, теледидар және оларды пайдаланудың кейбір қарапайым ережелерін ажыратуды жалғастыру. Көлік, байланыс құралдары Қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік құралдарын тану және атау қабілетін бекіту. Ересектер еңбегі Қойылған тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыруды жалғастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау. Топ пен ойын аланын таза ұстау тілегін тәрбиелеу. Мүмкін болатын жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау. Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің еңбегі туралы білімдерін қалыптастыруды жалғастыру (қала-ауыл байланысы) Адамгершілік және патриоттық тәрбие Кішіпейілділікке, елгезектікке, әділ болуға тәрбиелеу. Мемлекеттік рәміздерге (Ту, Елтаңба, Әнұран) құрметпен қарауға тәрбиелеу. Қазақстан Республикасының астанасы, көрікті жерлері туралы түсініктерін кеңейту. Жол қозғалысы ережелері

	Балаларды жол қозғалысы ережелерін саналы түрде сақтауға жетелеу. Ойын кезінде қауіпсіз мінез-құлық ережелерімен, ойын жабдықтарын пайдалану ережелерімен таныстыру; бейтаныс адамдармен мінез-құлық ережелерімен таныстыру. Жансыз табиғат объектілері мен құбылыстары. Ауа-райы құбылыстары туралы түсініктерді кеңейту. Бақылау күнтізбесіндегі ауа райының жай-күйін анықтай білуге ынталандыру. Өсімдіктер әлемі Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: бұталар мен ағаштар (бақша және орман). Табиғат бұрышының бөлме өсімдіктері мен жануарларын күтудің қарапайым ережелері, адамның табиғатты аялауы туралы білімдерін қалыптастыру. Жануарлар әлемі Жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді салыстыру (қыста: құстар аз, олар аш, оларды тамақтандыру керек), өмір сүру жағдайларына (азық, су, жылу, жарық, тіршілік ету орны) бейімделуді анықтау қабілетін қалыптастыру. Жануарлар мен өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу (өсімдіктерді қорғау, қыстайтын құстарды азықтандыру). Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын игеруіне ықпал ету: қоршаған әлемде, табиғатта мінез-құлықтың қарапайым ережелерін сақтау.
Құрастыру	Құрылыс материалдарынан және "лего" конструкторларынан құрастыру Құрылыс бөлшектеріне ұқыпты қарау, оларды орнына, ойыннан кейін жинау, құрастыру кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау білігін жетілдіру. Ұжымдық құрылысқа деген қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлу; бөлшектерді бекітудің әртүрлі тәсілдерін қолдану, топпен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау. Қағазбен құрастыру Бүйірлер мен бұрыштарды біріктіру, бөлшектерді өзара желімдеу білігін бекіту. Табиғи, қалдық материалдан құрастыру Табиғи (құймақ, мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дән түрлері, т.б.) және қалдық (капак түрлері, пластмасса, қораптар, іш киімге арналған қысқыштар, т.б.) материалдардан құрастыруға шақыру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелерін сақтау.
Сурет салу	Сюжеттік композицияларды жасауда әр затқа өзіндік сипат беріп, олардың бір-біріне қатынасын анықтауға шақыру. Қоршаған ортаның әсемдігіне, қазақ және басқа халықтардың өнер туындыларына, киіз үйге, оның жабдықтарына, тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға, сәндік-қолданбалы өнерге деген қызығушылығын дамыту. Түстерді өз бетімен жасауға шақыру (бояуларды араластырып, қажетті түсті алу). Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға деген ұмтылысты дамыту.